

Петропавл қаласының машина жасау кешені кәсіпорындарына 1995 жылы берілген директивтік несиелер бойынша міндеттемелерді тоқтату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 371

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен мына: "Петропавл ауыр машина жасау зауыты", "Зиксто", "Атқару тетіктері зауыты", "Киров атындағы зауыт", "Петропавл электроқшаулау материалдары зауыты" акционерлік қоғамдарының директивтік несиелерді пайдаланғаны үшін республикалық

бюджеттің алдындағы сыйақыларды (мүдделерді) өтеу бөлігінде 1995 жылғы несиелік шарттар бойынша міндеттемелерін тоқтату туралы мәселені шешсін.

2. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі